

"К-Telco" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Атырау облысы Атырау қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 1454 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 5-1-тармақшасына және 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, Атырау қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "К-Telco" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (020440003705) талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу үшін берілген жер пайдаланушылардан және меншік иелерінен жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарусыз, Атырау қаласы аумағында орналасқан көлемі 3,5 гектар (ұзындығы 35,0 км) жер учаскесіне 15 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.Нсанбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ш. Кейкин